



Осы Келісім ережелерін іске асыру жөніндегі Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары болып табылатындар:

1. Қазақстандық тарап үшін - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігі;

2. Румындық тарап үшін - Румыния Ауыл шаруашылығы, орман, су және қоршаған орта министрлігі мен Ветеринарлық-санитарлық Ұлттық Агенттігі.

### **3-Бап**

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды, жануарлардың генетикалық материалдарын, ветеринарлық препараттарды және шекаралық ветеринарлық-санитарлық бақылау объектісін құрайтын басқа да тауарларды импорттауға, экспорттауға және транзиттік тасымалдауға арналған ветеринарлық-санитарлық рәсімдердің орындалуын оңайлату мақсатында өзара іс-қимылды жүзеге асыратын болады.

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Румынияның ветеринария саласындағы ұлттық заңнамаларының нормалары негізінде өзара іс-шаралар жүргізетін болады.

### **4-Бап**

1. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары:

а) Халықаралық эпизоотиялық бюроның (ХЭБ) жануарлар аурулары кодтарының "А" тізіміне енгізілген және Қазақстан Республикасы мен Румыния аумағында бұрын тіркелмеген жануарлар аурулары немесе соңғы жылдар ішінде байқалмаған басқа да эпизоотиялардың таралуы табылғаны туралы бір-біріне дереу хабарлайды;

б) Халықаралық эпизоотиялық бюроның (ХЭБ) жануарлар аурулары кодтарының "Б" тізіміне енгізілген жұқпалы аурулардың таралуы туралы бір-біріне хабарлайды.

2. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өз мемлекеттерінің аумағында тіркелетін жұқпалы аурулар туралы ай сайынғы бюллетендермен алмасып отырады.

3. Ақпаратқа аурудың атауы, ауру жануарлардың саны, аурудың табылған күні мен орны, диагностика мен ауруды бақылау әдісі енгізілуі тиіс. Аусыл шыққан жағдайда, вирустың түрі көрсетіледі.

4. Тараптар жануарлардың денсаулығын қорғау мақсатында жұқпалы, паразитарлық және басқа да аурулардың пайда болуының алдын алу жөніндегі соңғы және қазіргі білімдерді практикада қолдануға қатысты ақпараттармен алмасады.

### **5-Бап**

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру үшін ветеринария саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында:

ветеринария саласындағы тәжірибемен және ақпаратпен алмасады;  
ветеринарлық ғылыми-зерттеу институттарының ынтымақтастығына жәрдемдеседі;

ветеринария саласындағы техникалық журналдар мен басқа да басылымдармен алмасуға жәрдемдеседі;

ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға қатысты ережелермен және ақпараттармен алмасады;

бір-бірін техникалық кездесулер мен білім беру бағдарламалары туралы хабардар етеді және Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының сарапшыларына оларға қатысуға мүмкіндік береді;

ветеринарлық-санитарлық нормалар мен стандарттарға қатысты ақпараттармен алмасады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды, жануарлардың генетикалық материалдарын, мал азығын, ветеринарлық препараттарды және жануарлар мен адамдардың денсаулығына әсер етуі мүмкін басқа да тауарлардың экспортымен айналысатын Тараптар мемлекеттерінің кәсіпорындары мен бөлімшелерінде өзара бақылауды жүзеге асыратын болады.

#### **6-Бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес осы Келісімнің ережелерін іске асыруға байланысты шығыстарды өзіне алады.

#### **7-Бап**

1. Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының өкілдері өзара уағдаластық бойынша қажеттігіне қарай кездесіп тұрады.

2. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

#### **8-Бап**

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген Хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

#### **9-Бап**

Осы Келісім Тараптар жасасқан басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **10-Бап**

Осы Келісім Тараптардың оны күшіне енгізу үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабар алынған күннен бастап күшіне енеді.

#### **11-Бап**

Осы Келісім Румыния Еуропалық Одаққа кірген күннен бастап өз қолданысын тоқтатады.

Әрбір Тарап осы Келісімнен басқа Тарапты жазбаша хабардар ету жолымен шыға алады. Бұл жағдайда, осы Келісім тиісті хабарлама алған күннен бастап алты айдан кейін өз қолданысын тоқтатады.

2003 жылғы 9 қыркүйекте Астана қаласында әрқайсысы қазақ, румын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің бірдей заң күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Румыния Үкіметі*

*үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК